

Қарабаев Ш. Қ.

ФОРМИРОВАНИЕ ГРАЖДАНСКОЙ КУЛЬТУРЫ И ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА- ЗАЛОГ ПРОЧНОСТИ

Қарабаев Ш.Қ.

АЗАМАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ПЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ - АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ БЕРІКТІГІНІҢ КЕПІЛІ

УДК: 316.323 (574.2)

Көп этникалық Қазақстанда азаматтық қоғамның іргелі негіздемесін құрайтын ортақ біріктіруші мәнді жайттар - ол қоғам мүшелерінің азаматтылығы мен отаншылдығы. Яғни адамдарды нақты қоғамдық жағдайларда біріктіруші және ынталандырушы ортақ күш - қазақстандық азаматтылық пен отаншылдық. Қазақстан Республикасының ұлттық саясатында бұл үрдіс нық орын алған. Өтпелі кезеңнің ең ауыр кезеңінде Елбасы Н. Назарбаев: "Шынайы отан-сүйгіштікті, нағыз азаматтықты қалыптастыру жеке адамның өзін саяси тұрғыдан айқын сезінуін, өз Отанын саналы түрде таңдауын көздейді". Тәуелсіздіктің қиын-қыстау жылдары нағыз елжандылық пен азаматтылықтың сынау жылдары болды. Жалпы азаматтық қоғам адамдардың өздерінің элеуметтік белсенділік көрсетуге шын ынтасы, ықыласы және оған сенімі болмаса ресми құрылым тарапынан ынталандырулардың нәтижесі төмен болады. Бұл азаматтық сананың, мәдениеттің белгілі деңгейін қажет етеді.

Жалпы демократиялық саяси жүйенің дамуы азаматтық мәдениеттің деңгейіне тәуелді. Азаматтық қоғам ұйымдастырылған адамдар топтарының әрекеті ретінде жетілген элеуметтік негізін және құндылықты-мөлшерлік реттеу жүйесін қажет етеді. Яғни азаматтық қоғамның тиімді қызмет атқаруы жеке-ліктің субъектіге айналумен байланысты және идеологияда жеке тұлғаның өзіндік құндылығын мойындау идеясы орнығуы керек етеді. Ал бұл толық-қанды азаматтылықтың саяси-құқықтық білім алу мен элеуметтік-мәдени тәжірибені игеру арқылы қалыптасуын білдіреді. Сонда азаматтық мәдениет жалпы алғанда азаматтардың қоғаммен және мемлекетпен саяси-құқықтық қатынас-тарының сипаты мен мазмұнын бейнелейтін және ашып көрсететін түсінік-тердің, тұғырлардың, мөлшерлердің, ұстанымдардың, құндылықты бағдарлаудың жиынтығы болып табылады.

Азаматтық қоғам элеуметтіліктің ерекше тұрпаты ретінде ол Жаңа дәуір мен индустриалды-урбанистік өркениеттің өнімі болып табылады. Бұл қоғамның өнеге-ғибраты мен мәдениеті жекеліктердің азамат ретінде әрекет ететін салада көрініс табады. Сонымен азаматтылық құқықтық мәдениеттің немесе тұлғаның азаматтық өнеге-ғибратының ерекше тұрпатын білдіреді. Азаматтылық адамдардың дүниемен және бір-бірімен жалпыға бірдей әмбебапты қатынастарда болғанда қалыптасады. Азаматтылық бүкіл адамзатқа тән жалпы тектік мүдделерді бейнелейді. Азаматтық мәдениет - ол адам болмысының құндылықты, мөлшерлік т.б. үлгілерінің жиынтығы болып табылады.

Азаматтық мәдениет пен құндылықтарды, азаматтық қасиеттерді қалыптастыру азаматтық қоғамның беріктігін нығайтушы мәнді жайт ретінде арнаулы азаматтық білім беруді қажет етеді. Азаматтық мәдениетке саяси инсти-туттардың заңдылық келісімі, мүдделердің сан алуандығына төзімділігі, білік-тілігі, азаматтардың өзара сенімділігі тән. Азаматтардың көпшілігі саясатқа енжарлық танытады, өйткені азаматтардың одан да маңызды мүдделері бар.

Құндылықтар - ол жекеліктер мен элеуметтік топтардың өз әрекеттерін үйлестіретін әр жеке адамның санасында қалыптасқан бағдарлық ұстаным-дары. Р. Инглхарттың 1981-199-жж. 43 елде өткізген қазіргі дүниеде өзгеруші құндылықтарды зерттеуінде дәлелдегендей, азаматтық мәдениеттің демократияны дамытудағы рөлін үш көрсеткіш - тұлғааралық сенім, өмірге қанағаттану және революциялық өзгерістерді қолдайтындардың үлесі бойынша анық-талады. Ол құндылықтар, экономика және саясат араларында тығыз байланыс орнығады деп пайымдайды. Демократиялық мәдениеттің қалыптасуы мен өз-геру үдерістері қоғамда болатын құндылықты өзгерістермен түсіндіріледі. Же-келіктің құндылықты ұнатулары оның жас кезеңіндегі элеуметтік-экономикалық жағдайларының ықпалында қалыптасып, өмір бойы оның мінез-құлқын анықтайды [1].

Қазақстанда жаңа экономикалық және саяси жағдай құндылықты бағытта-луды өзгертті. Өтпелі кезеңдегі бұқара халықтың бұрынғы дүниетанымдық ұстанымы шешуші орын алды. Жаңа құндылықтарға өту қайшылықтарды тудырады. Экономикалық дағдарыстың ұзаққа созылуы бұқара көпшіліктің торығушылығының себебі болды. Бірақ нарық қатынастары даму барысында бірте-бірте көпшіліктің сана-сезімін өзгерте бастады. Нарық демократиясы ұсынған құндылықтардың ең маңыздысы еркіндік пен адам құқық қорғау.

Г. Алмонд пен С. Верба азаматтық мәдениетті саяси мәдениеттің түрі ретінде тұрақтылықтың негізі деп қарастырған. Азаматтық мәдениетті, кейбір зерттеушілер ойлағандай, тек қана парасатты-белсенділікті деп айтуға кел-мейді. Азаматтық мәдениет - бұл аралас саяси мәдениет. Ол әр түрлі саяси және саяси емес, белсенді және белсенді емес топтардың мәдениеттерінің қосындысын өзіне кіріктіреді. Азаматтық мәдениет аясында жекеліктердің бір-азы саяси белсенділік танытса, басқалары енжар болып келеді. Осы тұжы-

рымдамаға сай, кез келген ұлттық саяси мәдениет аралас болып табылады. Г. Алмонд саяси мәдениеттердің үш аралас тұрпатын атап көрсетеді [2].

Бірінші саяси мәдениеттің тұрпаты партисипантты немесе азаматтық мәдениеттің түрі ретінде қаралады. Екінші саяси мәдениеттің тұрпаты бодандықты (батынушылықты)- топқа саяси мәдениетке енжар саяси мінез-құлық көрсетушілер жатады. Дамыған индустриалды қоғамдарда патриархалды мәдениетті ұстанатын тұлғалар аз -10%. "Патриархалды", "бодандықты" және "партисипантты" саяси мәдениеттер түрлері қазіргі дүниеде таза түрінде кездеспейді. Әдеттегідей саяси мәдениеттің бұл тұрпаттары бір-бірімен қиыстырылған түрде ғана кездесетін болады.

Азаматтық мәдениет элеуметтің тарихи дамуының белгілі дәуірінен гөрі адамзаттың жалпы мәдениетінің бірте-бірте дамуының бөлігін бейнелейді. 1-ден, азаматтық мәдениет пен азаматтық өнеге-ғибрат тектік мәдениеттің ішінде оның ерекше бөлігі және өзгеше ділдік құрылым ретінде пайда болады. Олардың ерекшелігі және төлтумалығы тұлғаның жеке мүддесінің үстемдігі немесе моральдық таңдау еркіндігін бекітуге бағытталуында емес, ал адамның тектік мәнділік күшін ашатын оған шынайы еркіндіктер мен құқықтар беретін мәдениеттің тарихи және ұлттық-өзгешілік нысандары арқылы анықталуында.

2-ден, тұлғаның азаматтық мәдениеті мен азаматтық өнеге-ғибраты екі дүниенің және оларға сәйкес келетін мәдениеттің тұрпаттары - "жүйелік" пен "өмірлік" араларындағы қайшылықтарды еңсеру барысында да пайда болады.

Тұлғаның азаматтық өнеге-ғибратына жататын маңызды белгілері ол тарихи себептелінген әмбебаптылығы, әр алуандылығы және өзін-өзі билеуі, оның ішіндегі құлықтық таңдаудың еркіндігі. Осының бәрі азаматтық қоғамның одан әрі дамуының алғышарттары ретінде қарастырылады.

3-ден, азаматтық өнеге-ғибраттың құлықтық сипаты, ең алдымен субъектінің жеке еркіндікке және өзін-өзі көрсетуге қажеттілікпен, сонымен бірге оның басқа адамның құқығы мен бостандығын сақтау кәректігімен себепте-лінеді. Жеке бостандық басқаның да өзін-өзі көрсетуге еркіндігін мойындау және оған еркін дамуына қолдау көрсетуді болжайды. Толық еркін болу үшін адамды қоршаған немесе байланысты қатынаста болатындар да еркін болуы керек.

Азаматтық еркіндіктің элеуметтік мәні жалпы іске өз еркімен қызмет етуді, басқалар үшін жауапкершілікті өз міндетіне алуы қажетсінеді. Азаматтық бостандық социологиялық мағынада осы элеуметтің немесе топтың қоятын ұлттық ерекшелікті және мәдени тарихи шектеулерді ескеретін тектік қызметтің субъектісі болудың шынайы мүмкіндігі мен шынайы құқығы болып табылады.

Азаматтылық деп бүкіл адамзат, өзінің қоғамы, өзін қоршаған адамдары үшін жауапкершілігін жете ұғынып, өзіне жүктейтін, кіші істерден үлкен істерге қарай жетуді, солай текті адамзаттың бейнесін іске асыруға ұмтылатын жетілген өнегелі адамның элеуметтік қасиетін атаймыз. Жеке тұлғаның шынайы азаматтылығы жалпы тектік мүдделерді нақты өмірлік жағдайларда көрсетуге бағытталған күнделікті әрекеттер мен қылықтарда іске асырылады.

Копэтникалық және көп конфессиялық қоғамдардың тарихи тәжірибесі көрсеткендей, бір ұлтың мәдениеті негізінде отаншылдықты қалыптастырудың тиімділігі төмен болып келеді. Қазіргі демократиялық қоғамдардың жан-жақты дамуы мен беріктігі экономикалық, саяси институттарының сапасымен қатар оның мүшелерінің азаматтық сапаларымен де анықталады. Азаматтық қасиет-терінің маңыздыларына ұлттық, өнеге-ғибраттық, діни, аймақтық ұқсастыру сезімнің болуы, басқа мәдениеттің өкілдерімен төзімділік қатынастарын қалыптастыруы және бірге жұмыс істеуге қабілетті болуы, қоғамның ортақ мүдделерін орындау үшін саяси үдерістерге қатысуға ынталы болуы, қоршаған ортаны сақтауға жауапкершілікпен қарауы т.с.с. жатады. Яғни адамдардың азаматтық қасиеттері маңызды элеуметтік құндылық ретінде қалыптастыруды қажет етеді.

Азаматтық қоғамның басым көпшілігі белгілі ұлттық шеңберде өмір сүргендіктен ол ұлттық-ерекшелікті нысанымен сипатталады. Бірақ бұл өмір мен қызметтің еркін және саналы субъектісі ретінде адамның жалпыға бірдей тек-тік бастауларының және келісімдік өзара әрекеті негізінде дербес субъектілер мен олардың құрған институционалды құрылымдарының элеуметтің жүйелі-өмірлік кіріктірілуіне қайшы келмейді. Сондықтан субъектілердің ұлттық-аза-маттық ұқсастыруы азаматтық қоғамның маңызды нышаны болып табылады.

Бір жағынан, азаматтық ұқсастырудың ұлттық ерекшелігін ескеру элеуметтің жүйелі-өмірлік кіріктірілуін жалпытектік ғана емес, ал ұлттық-этникалық құндылықтар негізінде де жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, адамдардың азаматтық санасы мен мінез-құлқы этникалық өзгешілікпен сипатталады. Өмірлік дүниенің субъектілерінің биоэтникалық ұқсас-тыруы алдымен ұлттық-мемлекеттік ұқсастыруды өтеді, содан кейін ұлттық-азаматтық ұқсастыруына ұласады. Яғни субъектінің этникалық сана-сезімі мен мінез-құлқы өзінің тектік жаратылысын зерделей келе азаматтық ерекшелікті иеленеді.

Адамдардың ұлттық-азаматтық ұқсастыруының қалыптасуы қоғамдық қатынастарының жетілуін және өркениеттілігін білдіреді. Адамзаттың тарихында ұлттық-мемлекеттік мүшеленіп бөлінудің теріс жағы талай қайғылы оқиға-лармен аяқталған. Азаматтық ұқсастыру этникалық мәдениетті жалпы адамзаттық мазмұнмен толтырады. Адамдардың азаматтылығы қоғамдық өмірдің нақты элеуметтік-саяси және этномәдени жағдайлардың ізгілікті мазмұнын көрсетеді.

Жаһандану жағдайында азаматтық қоғамның құндылықтары ұлттық-мемлекеттік құрылымдардың элеуметтік-саяси үдерістеріне ықпалы - күшейіп келеді. Жалпыға бірдей ақпараттық мәдениет ғаламдық қоғамдық жүйені қалыптастыруда. Х. Булл "ғаламдық азаматтық қоғам" терминін енгізу қажеттігін тек қана ұлттық шекараларды қиып ғаламдық, аумақтан тыс кеңістіктен өтетіндіктен емес, ол ғаламдық азаматтық

қоғам мүшелерінің арасында ғаламдық ойлаудың күшейіп келе жатқандығымен түсіндіреді. Бұл эрине жалпы адамзаттық ұқсастыру үдерісінің күшеюін білдіреді.

Азаматтық қоғамды дамыту азаматтық сана, азаматтық белсенділік пен жауапкершілік қасиеттерін қалыптастырмай мүмкін емес. Азаматтық мәдениетті санасына, өнбойына сіңірген қоғам мүшесі әлеуметтік белсенділік пен әлеуметтік жауапкершілігімен ерекшеленеді. Азаматтық парызы жеткілікті дамыған адам өзінің отбасының игілігі, аман-саулығымен шектелмейді, ол қоғамның барлық ісіне жауаптылығын сезінеді.

Адамгершілікке бағытталған ілгерішіл азаматтық мәдениеттің өзегін азаматтық ізгіліктер құрайды. У. Кимликаның пікірінше, либералдық демократияның іргелі қағидаларына тән азаматтық ізгіліктердің төрт түріне сүйену қажет: жария руханилығы, әділеттілік сезімі және басқалардың құқыны айырып тану мен сыйлау қабілеті, өркениеттілік пен төзімділік, басқалармен бөлісетін ынтымақтастық немесе адалдық сезімі. Ол азаматтық ізгіліктің ең бастысы жария руханилығы немесе қоғамдық рұхтану сезімі деп атаған.

Кимлика екінші азаматтық ізгілік ретінде әділеттік сезімнің мәнін ашады. Яғни әділеттік сезімі жоқ адам белсенді азамат болуы мүмкін емес. Белсенді азамат біреуге қиянаттық жасауға, біреулерді қанаушылыққа бару тұрмақ, басқалардың осындай әрекет жасауына қарсы тұратын болады.

Үшінші азаматтық ізгілікке өркениеттілік жатқызылады. Өркениеттілік ретінде жалпы парасаттылық, қайырымдылық, мейірімділік, сыпайылық бас-қаны кемсітпейтін, құқыны шектемейтін мінез-құлықты ұстануды, либералды азаматтардың міндеттерін түбегейлі кеңейтуді талап етеді. Бұны қалыптастыру азаматтық қоғамда адамның құқыны шектеу негіздерінің жойылуын қажет етеді.

Маңызды азаматтық ізгілік ретінде төзімділік өркениеттілікпен ажырағысыз болып саналады. М. Уолцердің пайымы бойынша, демократиялық мемлекет плюрализм мен төзімділікті бас ереже тұтатын азаматтық қоғамға негізделеді және оған тәуелді болады.

Аталған ізгіліктерді демократиялық мемлекет білім арқылы қайтадан өндіріп отырады. Себебі ұлттық демократиялық мемлекет өзінің құндылықтарына адал азаматтарға мұқтаж болады. Азаматтық ізгіліктерді қалыптастыру азаматтық институттардың міндеті: отбасының, мектептің, партиялардың, үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдардың мүмкіндігі өте зор.

Қазақстанда азаматтық мәдениеттің даму дәрежесі әлі төмен деңгейде. Азаматтық ұғымы шектеулі мағынада қолданылады: мемлекеттің азаматы, әскері азаматтық борышты орындау немесе құқық бұзған адамдарға азамат деп теріс мағынада қолданады. Азаматтық мәдениет, азаматтылық ұғымдары азаматтық қоғамды насихаттай бастағанмен өзінің лайықты орнын тауып алған жоқ. Мемлекеттік құжаттарда, ресми сөздерде, тіпті бұқаралық ақпарат құралдарда азаматтық, азаматтық мәдениет ұғымы кең қолданыс тапқан жоқ.

Азаматтық өмірдің институционалдануы азаматтық мәдениеттің шеңберінде жүзеге асырылады. Мәдени үлгілер азаматтық субъектілердің өзіндік дамуының амалы болып табылады. Азаматтық қоғамдағы институционалдық байланыстардың дамуы мен жетілуі бірнеше тетіктер арқылы іске асырылады: 1) Азаматтық өмірдің, немесе азаматтық бақылаудың мөлшерлердің реттеуші тетіктері әлеуметтік ұйымдағы үстемдік ететін мөлшерлердің өзара әрекет етушілердің рөлдік күтулерімен өзара алмасуын жанамалайды немесе реттейді. 2) Азаматтық легитимизациялау тетіктері мөлшерлер мен экспектациялар жүйесінің олардың реттеуші құндылықтармен өзара байланысын жанамалайды. 3) Азаматтық өмірді құндылықты реттейтін тетіктері әлеуметтік өзара әрекеттер барысында оның оған қатысушылары дайындаған құндылықты бағдарлауларын азаматтық мәдениетте жалпы қабылданған құндылықты критерий-лермен және түсініктермен үйлестіреді. 4) Азаматтың өзін-өзі ұқсастыру тетіктері азаматтық қоғамда үстемдік ететін құндылықтар және өзара әрекеттесуге қатысушының бағдарларының өзара байланысын реттейді және олардың әлеуметтік-мәдени қатыстылығын анықтайды.

Азаматтық мәдениеті қалыптасқан қоғамда азаматтық қоғам мен мемлекет күрделі мәселелерді бірлесіп шешетін жағдайда өзара пікірлесу әрекеттері жоғары түсіністікпен жүзеге асырылады. Осындай әлеуметтік-мәдени негізде азаматтық қоғамның тұрақтылығы екі жақтың әрекетімен сақталатын болады.

Әдебиет тізімі:

1. Инглхарт Р. Постмодерн: меняющиеся ценности и изменяющиеся общества // Политические исследования. 1997. № 4. С. 27-30.
2. Алмонд Г., Верба С. Гражданская культура и стабильность демократии // Сонда. 1992. № 4. С. 122-123.

Рецензент: д.соц.н., профессор Исаев К.И.